

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ
ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ
ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ
ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ

Пр 017-11.06-2026

30.04.2026 г.


Талап
Нормативтік құжат түрі

Стр. 2-5


Құрастырушылар:

Бакеева М. Қ.- «Кино және ТВ» факультетінің деканы, PhD;
Абишев С.Е.- «Экран өнері режиссурасы» кафедрасының
меңгерушісі, PhD;
Альжанов Р.А.- «Экран өнері режиссурасы» кафедрасының оқытушысы

«Экран өнері режиссурасы» кафедрасының отырысында ұсынылды
2026 жылғы «09» 04 № 9 хаттама


«Экран өнері режиссурасы»
кафедрасының меңгерушісі  Абишев С.Е.

«Кино және ТВ» факультетінің академиялық сапа жөніндегі кеңесі мақұлдады
2026 жылғы «16» 04 № 9 хаттама

«Кино және ТВ» факультетінің сапасы жөніндегі
Академиялық кеңес төрайымы  Исабаева С.Н.

Келісілді:

«Кино және ТВ» факультетінің деканы  Бакеева М. К.



6B02103 «РЕЖИССУРА» БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ **Талапкерлерге қойылатын талаптар**

6B02103 «Режиссура» білім беру бағдарламасына оқуға түсуші талапкердің жалпы орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі болуы және шығармашылық, көркемдік-бейнелік, зияткерлік әрі аналитикалық қызметке бейімділігі болуы тиіс.


Талапкер:

- аудиовизуалды өнердің дамуындағы негізгі бағыттар мен үрдістерді бағдарлай алуы;
- драматургия, режиссура және экрандық баяндау негіздері туралы бастапқы түсінікке ие болуы;
- әдеби, визуалды және бейнелі ойлау дағдыларын меңгеруі;
- шығармашылық қиялын, ой-тұжырымының өзіндік ерекшелігін және режиссерлік интерпретацияға қабілетін танытуы;
- өз ойын ауызша және жазбаша түрде нақты, жүйелі әрі мәнерлі жеткізе білуі;
- қазіргі мәдени және қоғамдық-саяси үдерістерді бағдарлай алуы;
- қарым-қатынас жасау, ұйымдастыру және ұжыммен жұмыс істеу дағдыларына ие болуы тиіс.

Шығармашылық қабылдау емтихандарын тапсыру үшін талапкер портфолио ұсынады. Портфолио құрамына:

- әдеби шығармалар;
- сценарийлік әзірлемелер;
- раскадровка үлгілері;
- фотомонтаждар мен коллаждар;
- ұзақтығы 1 минутқа дейінгі бейнеролик;
- фильмдерге немесе спектакльдерге жазылған рецензиялар;
- шығармашылық жетістіктері мен марапаттарын растайтын құжаттар енгізіледі.

Қосымша ретінде талапкер кәсіби бағдарын, таңдаған мамандығына деген қызығушылығы мен болашақтағы кәсіби ұстанымын ашып көрсететін эссе жазады.




1. Мақсаты мен міндеттері

Қабылдау емтихандарының мақсаты – көркемдік ойлау қабілеті, интеллектуалдық кемелдігі, режиссерлік интерпретацияға бейімділігі бар, экран өнерінің заманауи әлемдік үрдістерін ұлттық кодқа, мәдени тәлтамалыққа және қазақ көркемдік дәстүрінің рухани құндылықтарына сүйене отырып меңгеруге ұмтылатын неғұрлым дайындық деңгейі жоғары әрі шығармашылық дарынды талапкерлерді іріктеу.

Қабылдау емтихандарының міндеттері:

- талапкердің жалпы мәдени, көркемдік және зияткерлік дайындық деңгейін айқындау;
- кинематография, телевидение, әдебиет, театр және бейнелеу өнері салаларындағы білімін анықтау;
- бейнелі, ассоциативтік, аналитикалық және логикалық ойлау қабілетін бағалау;
- шығармашылық қиялын, ойлау ерекшелігін және авторлық пайымының даралығын айқындау;
- өз ойын ауызша және жазбаша түрде анық, жүйелі әрі әсерлі жеткізе білуін бағалау;
- талапкердің көркем материалды интерпретациялау, режиссерлік ойтұжырым қалыптастыру және дербес шығармашылық шешім қабылдау қабілетін анықтау;
- сөйлеу мәдениетінің деңгейін және қазақ, орыс, ағылшын тілдерін меңгеру дәрежесін айқындау;
- режиссура саласы бойынша кәсіби білім алуға деген уәжінің болуын анықтау;
- ұлттық кодтың, мәдени жадтың, дәстүрлер мен құндылық бағдарлардың заманауи режиссер тұлғасын қалыптастырудағы маңызын, сондай-ақ оның дүниетанымының ұлттық және әлемдік көркемдік үдерістің өзекті талаптарына сәйкестігін түсіну деңгейін айқындау.



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ
ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ
ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ
ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ**

Пр 017-11.06-2026

30.04.2026 г.

Талап
Нормативтік құжат түрі

Стр. 5-5

1. Шығармашылық емтихандар:

1.Жазбаша жұмыс талаптары

Талапкерге Қазақстанның заманауи өмірінің өзекті мәселелерін, кино және телевизия мәселелерін көрсететін 5 эссе тақырыптардан таңдау ұсынылады. Талапкер ұсынған тақырыпты толығымен ашуы керек. Шығармашылық қиялды ойлау, сюжет құра білу, тақырыпқа деген көзқарастың жаңалығы бағаланады. Жұмыстың көлемі 5 бет.

Ауызша емтихан талаптары

Ауызша емтиханның мақсаты – Талапкердің жалпы білім деңгейі, оның шығармашылық мүмкіндіктері, аудиовизуалды саладағы білімі (кино, телевизия, радиотаралым, музыка, театр мен бейнелеу өнері) анықтау. Талапкер әдебиет (әлемдік және қазақ), бейнелеу өнері, музыка, кино және телевизия тарихын жақсы білуі қажет. Көркем шығарманы бағалап, сипаттай білу, оның күшті және әлсіз жақтарын, стилі мен бағытын анықтай білу. Талапкер өзінің шағырмашылық ойын жеткізе білу, сонымен қатар, алдын ала болған байқауда ұсынылған және шығармашылық емтихан кезінде жазылған жұмыстарын орындалу логикасын түсіндіре білуі қажет.